



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



## Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

тақырыбы: «Rich Garden» ЖШС Алматы облысы суармалы боз топырақтарында  
бау-бақша егілетін алқаптарға агрохимиялық түсірілім жасау

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау  
және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:

«17» қараша 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орны:

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,  
Қаратұрық ауылы, «Rich Garden» ЖШС

Эксперт:

(қолы)

Абай А.К.

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ  
Топырақтану және агрохимия  
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы

қолы, М.О.

Р.Х. Рамазанова



## Есептің құрылымы

*1. кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;*

Алматы облысы суармалы боз топырақтарында бау-бақша егілетін алқаптарға агрохимиялық түсірілім жасаудың маңыздылығы.

*2. қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;*

Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік шығысында таулы өлке орналасқан. Осы таулы өлкенің солтүстігімен шөл аймағының оңтүстігі аралығында тау етегінің шөлді-дала аймағы бар. Бұл аймақтың алып жатқан ауданы 14млн. гектар. Еліміздің барлық жер аумағының 5,2% құрайды. Бұл аймақта боз топырақ типі кең тараған. Негізінен боз топырақтар Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарында жиі кездеседі. Тау етегінде орналасқандықтан климатына және өсімдік дүниесіне табиғаттың тік белдеулік заңының ықпалы байқалады. Ауа райы континентальды. Жазы құрғақ және ыстық. Топырақ түзуші тау жыныстары негізінен лөс және лөс тәрізді құмбалшықтар болып келеді. Көбінесе бұл аналық тау жыныстарының астында киыршық тасты шөгінділер жатады. Тау етегіндегі аңғарларда, өзендер мен сайлар жайылмасында терек, тал, жиде өсетін тоғайлар кездеседі. Жылына бұл аймақта топыраққа әр гектарға шаққанда 10 тоннаға дейін органикалық заттар түседі. Биологиялық зат айналымына 100-400кг-ға дейін күл элементтер косылады. Боз топырақтардың биологиялық белсенділігі жақсы.

*3. өнім өндірісінің ұлғаюының/өнімділіктің жоғарылауының/өзіндік құнның төмендеуінің және т. б. сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;*

Бұл аймақта топыраққа жақсы мөлшерде өсімдіктер қалдықтары түседі. (әр гектарға 10 тоннаға дейін) және оның 80-90% тамыр қалдықтары болып келеді. Бұлардың құрамында азот және басқа элементтердің мөлшері мол болады. Көктем мезгілінде өсімдіктер қарқынды дамиды, өсімдік қалдықтарынан қарашірінді құралуы да қарқынды болады. Бірақ, сонымен бірге, бұл кезеңде органикалық заттардың минералдануы, ыдырауы да өте жоғары дәрежеде болады. Бұл үрдістердің осындай бағытта жүруіне топырақтағы микроорганизмдердің, жәндіктермен басқа фауна өкілдерінің әрекеті ықпалын тигізеді.

Жоғарыда аталып көрсетілген топырақ жаралуы ерекшеліктері әсерінен бұл топырақта қарашірінді мөлшері шамалы болып қалыптасады. Сонымен бірге жаз

айларында топырақтың үстіңгі қабаттарына, топырақ ылғалының булануына байланысты, карбонаттар мен тұздардың көтерілуі байқалады, ал қыс және көктем айларында олар жауын-шашын ылғалымен төменгі қабаттарға шайылады. Көктем айларында топырақтағы минералдар үгілуге ұшырап, туынды минералдардың түзілуі, балшыктану үрдісі байқалуы мүмкін. Суармалы боз топырақ ұзақ жылдар бойы боз топырақтарды суармалы егіншілікте қолдану әсерінен пайда болған. Топырақтың биологиялық белсенділігі артуына байланысты оның ішіндегі органикалық қалдықтар толық ыдырайды және қарашіріндінің мөлшері артады. Суармалы егіншілікте минералды және органикалық тыңайтқыштарды мол қолдану нәтижесінде бұл топырақтың қоректік режимі жақсарады. Сонымен бірге осы топырақтардың физикалық қасиеттері өзгерістерге ұшырайды. Жоғарыда айтып өткендей құбылыстардың барлығын бақылау жасау үшін кем дегенде әр бес жыл сайын арнайы топырақтанушы мамандарға немесе зертханаларға агрохимиялық түсірілімдер жасатып топырақтың құнарлығы мен саулығын қадағалап отырған абзал болады. Агрохимиялық түсірілімнен тек топырақтың жағдайын ғана біліп қоймай бау-бақшаға берілетін тыңайтқыштардың мөлшерінде есептеп берген егіншілікпен айналысып отырған шаруаларға әлде қайда экономикалық жағынан тиімді деп айтуға болады.

#### *4. Кеңес беруден фотосуреттер*

